

Мойынқұм ауданының коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2025 – 2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 2025 жылғы 3 қарашадағы № 42-13 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №154-п бұйрығына сәйкес, Мойынқұм аудандық мәслихаты шешім қабылдады:

1. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған бағдарлама осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мойынқұм аудандық мәслихатының төрағасы

Н. Саурықов

Мойынқұм аудандық мәслихатының

2025 жылғы 3 қарашадағы №42-13

шешіміне қосымша

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған бағдарлама

МАЗМҰНЫ.

Кіріспе

Бағдарламы төл құжаты

Аймақтың негізгі сипаттамалары.

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.

1. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін талдау.

1.1. Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигондары және т. б.)

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

1.2. Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау.

1.3. Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы.

1.4. Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау.

2. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

2.1. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.

2.2. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары.

2.3. Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері.

3. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары

4. Қажетті ресурстар

5. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Қорытынды.

БАҒДАРЛАМЫ ТӨЛ ҚҰЖАТЫ

Бағдарлама атауы	Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған бағдарлама
Жобалауға негіздеме	- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (365-бап), 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI ҚРЗ. - Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы "Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшу тұжырымдамасы туралы". - Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығы "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы". - Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №154-п бұйрығы "Коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды жергілікті атқарушы органдарға бекіту туралы". 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексін іске асыру мақсатында қалдықтарды басқару саласында қабылданған өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер.

Жобалауға жауапты	Мойынқұм ауданы әкімдігі
Іске асырылуына жауапты	• Мойынқұм ауданы әкімдігі • Мойынқұм ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ • Мойынқұм ауданының коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мамандандырылған ұйымдары.
Бағдарлама мақсаты	• тұтыну қалдықтарының қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізетін теріс әсерін төмендету; • Мойынқұм ауданының елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін құру және оны іске асыру арқылы коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін біртіндеп азайтуға, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу үлесін және полигондарды рекультивациялау деңгейін арттыруға бағытталған белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу.
Тапсырмалар	• Мойынқұм ауданы аумағында коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесінің моделін қалыптастыру, оның ішінде қалдықтардың түзілуі, жиналуы, тасымалдануы үдерістерін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және ауданның ерекшеліктеріне (климат, география, халық санының өсу динамикасы, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.) сәйкес қамту; • Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті ресурстарды тарту; • Ұсынылған ұсынымдар негізінде коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында инфрақұрылым құру; • Коммуналдық қалдықтарды көму орындарының санын барынша азайту және рұқсат етілмеген қалдық орналастыру нысандарын жою бойынша ұсынымдар әзірлеу.
Іске асыру мерзімдері	2025-2029 жылдар
Нысаналы индикаторлар	2029 жылы Бағдарлама аяқталған кезде: • Мойынқұм ауданы халқының 93,9%-ы тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметін тұрақты түрде пайдаланатын болады; • Қатты коммуналдық қалдықтарды сұрыптайтын бір нысан жұмыс істейді; • Коммуналдық қалдықтарды орналастыруға арналған бір нысан заңнама талаптарына сәйкес болады; • Екінші реттік шикізат пен қауіпті қалдықтарды қабылдайтын бір тұрақты қабылдау пункті жұмыс істейді; • Екінші реттік шикізат пен қауіпті қалдықтарды қабылдайтын бір мобильді қабылдау пункті жұмыс істейді.
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны 2025–2029 жылдары іске асыруға жергілікті бюджет қаражаттары мен өзге де (

КІРІСПЕ

2025-2029 жылдарға арналған Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.05.2023 ж. №154-п бұйрығы негізінде әзірленді.

Бағдарлама Экологиялық кодекске сәйкес, атап айтқанда Кодекстің 329-бабында белгіленген иерархия қағидатына сәйкес әзірленеді.

Бағдарламада Мойынқұм ауданының елді мекендерінде пайда болатын коммуналдық қалдықтардың сипаты (сипаттамасы), оның ішінде коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қолданыстағы инфрақұрылым, коммуналдық қалдықтарды жинау, үйінділеу, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдерінің көлемі мен құрамы, түзілу жылдамдығы, жіктелуі, тәсілдері туралы мәліметтер ұсынылады.

Аймақтың негізгі сипаттамалары.

Мойынқұм ауданы Жамбыл облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Аумақтың рельефі ұсақ шоқылар мен жазықтармен ұсынылған. Аудан 1964 жылы 31 желтоқсанда құрылған. Аудан орталығы Мойынқұм ауылы. Облыс орталығына дейінгі қашықтық - 380 шақырым. Аудан аумағы – 50,4 мың шаршы шақырым.

Мойынқұм ауданы 16 ауылдық округтен тұрды:

№	Ауылдық округ атауы
1	Ұланбел ауылдық округі
2	Қарабөгет ауылдық округі
3	Қылышбай ауылдық округі
4	Мойынқұм ауылдық округі
5	Жамбыл ауылдық округі
6	Қызылтал ауылдық округі
7	Қызылотау ауылдық округі
8	Бірлік ауылдық округі
9	Кеңес ауылдық округі
10	Биназар ауылдық округі
11	Хантау ауылдық округі
12	Мирный ауылдық округі
13	Ақбақай ауылдық округі
14	Ақсүйек ауылдық округі
15	Шығанақ ауылдық округі
16	Мыңарал ауылдық округі

Мойынқұм ауданында барлығы 24 ауыл орналасқан.

Халықтың ең көп саны Мойынқұм ауылында тұрады (8529 адам).

Ауданда өндіруші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы дамыған.

Мойынқұм ауданында бірнеше өндірістік алаңдар жұмыс істейді:

металлургия саласында – "АлтынАлмас" АҚ-ның Ақбақай филиалы;

құрылыс саласында – "Жамбыл цемент өндіру компаниясы" ЖШС, "Оргстрой" ЖШС;

тау-кен өндіру саласында – "Шығыс кен басқармасы" ЖШС және басқа кәсіпорындар.

Аудан аумағында кен орындарының орасан зор қорымен бірегей пайдалы қазбалар кен орындары бар.

Мойынқұм ауданының аумағында ежелгі дәуірден бастап Қазақстанның қазіргі тарихына дейін толық ақпарат беретін көптеген бірегей тарихи, мәдени ескерткіштер бар.

Халық санының динамикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қабылданды. 2025 жылдың қыркүйегінде Мойынқұм ауданының халық саны 28 202 адамды құрады. Оның ішінде қала халқы - 0 адам, ауыл халқы – 28202 адам.

2021-2025 жылдар кезеңінде Мойынқұм ауданындағы халықтың орташа жылдық саны 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Мойынқұм ауданындағы 2021-2025 жылдар кезеңіндегі халықтың орташа жылдық саны.

Мойынқұм ауданындағы халық саны	2021	2022	2023	2024	2025
адам					
Қалалық	0	0	0	0	0
Ауылдық	31950	28723	28555	28183	28202

Осылайша, Мойынқұм ауданында халықтың өсуі байқалады, ол 2025 жылы (қаңтардан қыркүйекке дейін) -0,07% құрады.

Мойынқұм ауданының аумағында 6621 аула бар:

№	Ауылдық округ атауы	Аула саны
1	Ұланбел ауылдық округі	2023
2	Қарабөгет ауылдық округі	284
3	Қылышбай ауылдық округі	347
4	Мойынқұм ауылдық округі	253
5	Жамбыл ауылдық округі	852
6	Қызылтал ауылдық округі	231
7	Қызылотау ауылдық округі	266
8	Бірлік ауылдық округі	345
9	Кеңес ауылдық округі	252

10	Биназар ауылдық округі	176
11	Хантау ауылдық округі	174
12	Мирный ауылдық округі	115
13	Ақбақай ауылдық округі	263
14	Ақсүйек ауылдық округі	207
15	Шығанақ ауылдық округі	347
16	Мыңарал ауылдық округі	486

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.

Бағдарламаны әзірлеу қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №154-п бұйрығына сәйкес жоспарлы кезеңге кемінде 5 жыл мерзімге әзірленеді.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі - 02.01.2021 ж. №400-VI 05.09.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен

Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығы.

Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №482 бұйрығы.

"Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс шаралар келесі Ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларында қаралады:

"Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы" - Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.023 ж. Жарлығы.

"Қалдықтарды басқару" бөлімі:

Қалдықтарды басқару

- 1) қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;
- 2) ҚТҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;
- 3) қайта өңделетін және қордалатын қалдықтардың үлесін ұлғайту.

1. Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін талдау.

1.1. Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.)

Халықаралық тәжірибеде ҚТҚ жалпы құрамына кіретін, бірақ қайта өңдеу және/немесе көму тәсілімен ерекшеленетін үш "қалдықтар ағынына" сәйкес келетін үш бөлікке жіктеледі.

1. Коммуналдық қалдықтар.

2. Қауіпті ҚТҚ - адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен қасиеттері бойынша қауіпті қалдықтарға жатқызылуы мүмкін түзілу сипаты ұқсас өндіріс қалдықтары. Оларға келесі қалдықтар жатады:

- пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар;
- пайдаланылған электр және электрондық жабдық;
- құрамында сынап бар қалдықтар (люминесцентті шамдар мен термометрлер);
- медициналық және ветеринариялық қалдықтар;
- тұрмыстық химия қалдықтары;
- құрамында асбест бар қалдықтар;
- адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын басқа да қауіпті қалдықтар.

3. Басқа ҚТҚ - қауіпті емес және сонымен бірге аралас қалдықтарға жатқызуға болмайтын қалдықтар, өйткені оларды жинау, шығару және кәдеге жарату үшін бірінші ағынға қарағанда басқа тәсілдерді қолдану қажет. "Басқа ҚТҚ" келесі қалдықтарды қамтиды:

- құрылыс қалдықтары;
- ірі көлемді қалдықтар;
- кәдеге жаратуға жататын автомобильдер;
- пайдаланылған автомобиль шиналары;
- ағынды суларды қайта өңдеуден шыққан қалдықтар.

Мойынқұм ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайы бойынша мәліметтер Ұлттық статистика бюросының сайтынан <https://>

stat.gov.kz/ru / "Талдау" Ұлттық статистика бюросының ақпараттық талдау жүйесінен <https://taldau.stat.gov.kz/ru>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (Жамбыл облысының экология департаменті) ұсынған деректерден, жергілікті атқарушы органдардың деректері мен басқа да көздерден алынды.

2023 жылы Мойынқұм ауданында коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны - 1 кәсіпорын. 2024 жылы - Мойынқұм ауданының тұрғындарынан коммуналдық қалдықтарды жинаумен және шығарумен айналысатын 1 кәсіпорын.

2022 жылдан бастап Мойынқұм ауданы бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі 1.1-кестеде келтірілген.

1.1-кесте. 2022 жылдан 2024 жылға дейін Мойынқұм ауданы бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі.

Мойынқұм ауданы	2022	2023	2024
Тонна			
Жиналған коммуналдық қалдықтар	2411	2 469	2 468

1.2-кесте. Қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін халық.

Параметр	2022	2023	2024
Мойынқұм ауданының халық саны	28723	28555	28183
Қоқыс шығаратын ұйым үнемі қызмет көрсететін халық	5581	5562	5714
% қамту	19.43	19.48	20.27

Мойынқұм ауданының елді мекендерінен коммуналдық қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорындар:

"KALY" ЖК

Мойынқұм ауыл аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығаруды жүзеге асырады. Шығару ҚТҚ полигонына (полигонға) 1 қоқыс тасушымен жүзеге асырылады. Тасымалдау қашықтығы - 3 км.

Осылайша, үй шаруашылықтарынан коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару аудан орталығы Мойынқұм ауылынан жүзеге асырылады.

Полигондарға шығару және қабылдау кезінде қалдықтарды қандай да бір сұрыптау жоқ. Қауіпті қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер жоқ.

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер.

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының аумағында қалдықтарды қауіпсіз орналастыру және сақтау жөніндегі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетін ҚТҚ полигондары жоқ.

Аудан аумағында экологиялық әсер етуге рұқсаты бар 22 полигон (ұйымдастырылған қоқыс төгетін орын) орналасқан. Полигондардың орналасуы, ауданы және экологиялық әсер етуге берілген рұқсаттар туралы мәліметтер 1.3-кестеде келтірілген.

1.3-кесте – Полигондар туралы мәліметтер

Ауылдық округ атауы	Полигонның орналасуы	Полигон саны	Аумағы	Рұқсаттар туралы мәліметтер
Ұланбел ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылдық округі, Ұланбел ауылы, 012 орам, 16А учаске.	1	2.0 га	№ : KZ51VCZ00084542 20.04.2016 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Қарабөгет ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қарабөгет ауылдық округі, Қарабөгет ауылы, 021 орам, 4 учаске.	1	2.0 га	№ : KZ74VCZ00502004 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Құмөзек ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қарабөгет ауылдық округі, Қарабөгет ауылы, 021 орам, 2 учаске.	1	2.0.га	
Сарыөзек ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қарабөгет ауылдық округі, Сарыөзек ауылы, 017 орам, 6 учаске.	1	1.5 га	
Қылышбай ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қылышбай ауылдық округі, Қылышбай Ержанұлы ауылы, 024 орам, 93 учаске.	1	2.0 га	№ KZ64VCZ00096142 30.07.2016 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Мойынқұм ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылдық округі, Мойынқұм ауылы, 061 орам, 176 учаске.	1	2.0 га	№ : KZ79VCZ00502011 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін .
Жамбыл ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылдық округі, Мойынқұм ауылы, 061 орам, 35 учаске.	1	2.0 га	№ : KZ57VCZ00502019 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін

Көкжелек ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қызылтал ауылдық округі, Көкжелек ауылы, 040 орам, 111 учаске.	1	1.0 га	№ KZ29VCZ00532884 19.12.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
А.Назарбеков ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қызылтал ауылдық округі, Айтбай Назарбеков ауылы, 043 орам, 64 учаске.	1	1.0 га	
Күшаман ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қызылтал ауылдық округі, Көкжелек ауылы, 040 орам, 110 учаске.	1	1.0 га	№ : KZ94VCZ00090946 28.06.2016 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Бірлік ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, 048 орам, 42 учаске.	1	3.0 га	№ : KZ84VCZ00502018 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Айдарлы ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Кеңес ауылдық округі, Айдарлы ауылы, 053 орам, 751А учаске.	1	1.0 га	№ : KZ09VCZ00502010 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Биназар ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Хантау ауылдық округі, Хантау ауылы, 051 орам, 9 учаске.	1	2.0 га	№ : KZ82VCZ00089222 27.05.2016 жылдан 31.12.2025 жылғы
Хантау ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Хантау ауылдық округі, Хантау ауылы, 010 орам, 347 учаске.	1	1.5 га	№ : KZ68VCZ00502015 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Қияқты ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Хантау ауылдық округі, Хантау ауылы, 041 орам, 52 учаске.	1	0.5 га	
Мирный ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы,	1	2.0 га	№ : KZ65VCZ00505658

	064 орам, 020 учаске.			15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Ақбақай ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақбақай ауылдық округі, Ақбақай ауылы, Шахтерская көшесі, 60 учаске	1	2.0 га	№ : KZ79VCZ00207422 с 01.01.2019 жылғы по 31.12.2026 жылға дейін
Ақсүйек ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, 064 орам, 021 учаске	1	2.0 га	№ : KZ04VCZ00502003 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Шығанақ ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Шығанақ ауылдық округі, Шығанақ ауылы, 063 орам, 44 учаске.	1	2.0 га	№ : KZ86VCZ00511779 22.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін
Бурылбайтал ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Шығанақ ауылдық округі, Шығанақ ауылы, 063 орам, 160 учаске.	1	0,5 га	
Бурылбайтал станциясы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Шығанақ ауылдық округі, Шығанақ ауылы, 063 орам, 159 учаске	1	0,5 га	
Мыңарал ауылы	Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылдық округі, Мойынқұм ауылы, 061 орам, 185 учаске.	1	1.0 га	№ : KZ20VCZ00502006 15.11.2019 жылдан 31.12.2025 жылға дейін

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Мойынқұм ауылы үшін коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы полигон салуға ТЭН деректері бойынша 1.4-кестеде келтірілген.

1.4-кесте. ҚТҚ морфологиялық құрамы.

№р/с	Фракция атауы	жалпы көлемдегі мөлшердің %
2	Әр түрлі құрамдағы пластик	27
4	Шыны	15
5	Металл	3
8	Басқа қалдықтар	55

1.2.Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау.

2024 жылға қолда бар деректер бойынша 1 тұрғынға шаққанда коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемі күніне 1,18 кг немесе жылына 1,2 текше метр құрайды.

Бұл ретте, Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №79 шешімімен бекітілген, абаттандырылған секторға қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасы 1,00 текше метр, абаттандырылмаған сектор үшін 1,2 текше метр құрайды.

Қалдықтарды шығару күн сайын Мойынқұм ауданының Мойынқұм ауылынан жүзеге асырылады.

Мойынқұм ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму бойынша халық үшін белгіленген тарифтер:

Абаттандырылған сектор үшін – айына бір адамға 120 теңге (жинау және тасымалдау – 72 теңге, сұрыптау – 14,40 теңге, көму – 33,6 теңге);

Абаттандырылмаған сектор (инженерлік жүйелері жоқ) үйлер үшін – айына бір адамға 144 теңге (жинау және тасымалдау – 86,4 теңге, сұрыптау – 17,28 теңге, көму – 40,32 теңге);

Занды тұлғалар үшін, соның ішінде жеке кәсіпкерлерге – 1 текше метр үшін 1 653,35 теңге (жинау және тасымалдау – 864 теңге, сұрыптау – 172,8 теңге, көму – 616,55 теңге).

Аралас қалдықтарға арналған контейнерлерге қажеттілікті есептеу кестеде келтірілген.

Контейнерлер санын есептеу формуласы

Жалпы формула:

$$N=V_o \times X_n / V_k$$

мұндағы:

N – контейнерлер саны;

V_o – қалдықтардың көлемі;

X – шығару жиілігі (рет саны);

V – бір контейнердің сыйымдылығы.

1.5-кесте. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы үшін контейнерлерге есептік қажеттілік.

№ р/с	Ауылдық округ атауы	Халық саны	Контейнерлер саны 0,7 текше метр
1	Мойынқұм ауылдық округі	8529	137
2	Ақбақай ауылдық округі	539	9
3	Ақсуек ауылдық округі	844	14
4	Биназар ауылдық округі	1290	21
5	Бірлік ауылдық округі	2761	44
6	Жамбыл ауылдық округі	1227	20

7	Қарабөгет ауылдық округі	1409	23
8	Кенес ауылдық округі	1987	32
9	Қызылтал ауылдық округі	1282	21
10	Қылышбай ауылдық округі	865	14
11	Мирный кентінің әкімшілігі	596	10
12	Қызылотау ауылдық округі	651	10
13	Мынарал ауылдық округі	1420	23
14	Ұланбел ауылдық округі	959	15
15	Хантау ауылдық округі	1180	19
16	Шығанақ ауылдық округі	2663	43
	Жалпы	28202	455

Қалдықтарды басқару жүйесінің нақты жағдайы бойынша келесі оң және теріс жақтары анықталды.

Оң жақтары:

-Мойынқұм ауылында халықтан қоқыстарды жинау және шығару ұйымдастырылған;

-ҚТҚ полигондарын жою және рекультивация жоспары әзірленді және келісілді.

Теріс жақтары:

-Қалдықтарды орналастыру полигондары экологиялық және санитарлық нормаларға сай емес;

-Қалдықтарды ұйымдастырылған шығарумен қамтамасыз етілген ауылдарда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау жоқ;

-Қауіпті қалдықтарды (батареялар, сынап шамдары) жинау және кәдеге жарату көзделмеген;

-Мойынқұм ауданының ауылдық округтері қалдықтарды жинаумен қамтылмаған;

-Күл-қож қалдықтарын жинау және пайдалану мәселесі шешілген жоқ;

-Органикалық, ауылшаруашылық (көң, союдан кейінгі мал терісі) және тамақ қалдықтарын жинау және пайдалану мәселесі шешілген жоқ;

-Құрылыс қалдықтары мәселесі шешілген жоқ;

-Қайталама шикізатты қабылдау пункттері немесе кенттер мен ауылдық округтердің тұрғындарынан қайталама шикізатты қабылдау мәселесін шешу жоқ;

-Рұқсат етілмеген қоқыс үйінділеріне мониторинг жүргізілмейді;

-Әсер етуге экологиялық рұқсаты жоқ ҚТҚ полигондарын жою және қалпына келтіру қажет.

1.3.Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы.

Жергілікті мәслихаттардың қалдықтардың пайда болу көлемі және оларды әкетуге арналған тарифтерді бекіту жөніндегі қолданыстағы шешімдері:

-Мойынқұм ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халық үшін тарифті бекіту туралы - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №79 шешімі.

Осы шешімге сәйкес Мойынқұм ауданының тұрғындары үшін, сондай-ақ мекемелер, кәсіпорындар, балалар, медициналық және басқа да мекемелер үшін қалдықтардың пайда болу нормалары қабылданды. Есептік бірліктерге (тұрғын, орын, қызметкер, бару және т.б.) сүйене отырып, текше метрде коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы қабылданды.

Коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы абаттандырылған үй иесінің 1 тұрғынына 1,0 текше метр және абаттандырылмаған үй иесінің 1 тұрғынына 1,2 текше метр құрайды.

Коммуналдық қалдықтарды шығару тарифі абаттандырылған үй иесінен 120 теңгені, абаттандырылмаған үй иесінің 1 тұрғынынан 145 теңгені құрайды. 1 текше метр қалдықты шығаруға жылдық тариф 1635,35 теңгені құрайды.

1.4.Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау.

Жалпы облыс бойынша табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларына және Жамбыл облысының даму жоспарына сәйкес Мойынқұм ауданына қатысты іс-шаралар бар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2024-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес - Жамбыл облыстық мәслихатының 28.03.2024 жылғы №13-7 шешімі. Жамбыл облысы бойынша қалдықтарды басқару бойынша мынадай іс-шаралар және 1.6-кестеге сәйкес қаржыландыру жоспарлары көзделген.

1.6-кесте. Жамбыл облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген қалдықтарды басқару жөніндегі қаржыландыру (мың теңге) жоспарлары бар іс-шаралар.

№ р/с	Іс-шараның атауы	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	2024	2025	2026	Қаржыландыру көзі
22	Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама әзірлеу	Мойынқұм ауданының әкімдігі	2025		1900		Жергілікті бюджет
26	Қалдықтарды бөлек жинауға арналған		2024-2026	7,1	7,1	8	

	контейнерлерді орнату	Мойынқұм ауданының әкімдігі					Жергілікті бюджет
--	-----------------------	-----------------------------	--	--	--	--	-------------------

Қалдықтармен жұмыс істеу жүйесі Мойынқұм ауданының жергілікті даму жоспарларымен қамтылмаған.

Іс-шаралар жоспарын орындау туралы. Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама әзірленді.

2.Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

2.1.Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.

Бұл бағдарламаның мақсаты - коммуналдық қалдықтардан пайда болатын қоршаған ортаға жүктемені азайту, қалдықтардың пайда болу мөлшерін азайту, қайталама ресурстардың өндірілуін арттыру, коммуналдық қалдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және полигондарда депозиттелген қалдықтардың үлесін азайту және қалдықтарды сақтау мақсатында алып қоюға ұшыраған алаңдарды қалпына келтіру тәсілдерін ұсыну.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі қағидалар 328-бапта сипатталған:

- иерархия принципі;
- көзге жақындық принципі;
- қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік принципі;
- қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 329-бабына сәйкес иерархия қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді:

- 1.Қалдықтардың пайда болуын болдырмау;
- 2.Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау;
- 3.Қалдықтарды қайта өңдеу;
- 4.Қалдықтарды кәдеге жарату;
- 5.Қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсаттары мен қалдықтар иерархиясы қағидатына сүйене отырып, бағдарламаның келесі міндеттері ұсынылады:

Тауарларды орау санын азайту, сату жүйелерін оңтайландыру, ұтымды тұтынуды насихаттау есебінен коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

Қалдықтарды "көзден" сұрыптау - қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы тиімділікті арттыру және экологиялық заңнамаға сәйкестігі – "құрғақ"/"дымқыл".

Полигонда пайдалы компоненттерді барынша толық алу;

Қалдықтардың органикалық бөлігін биоқордалау немесе биогаз алу немесе энергетикалық кәдеге жарату үшін пайдалану;

ҚР экологиялық және эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтардың қалдық бөліктерін сақтау;

Құрылыс қалдықтарын пайдалану;

Иесіз үйінділерді жою.

2.2.Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары.

1.Коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту жөніндегі міндетке халықтың экологиялық жауапкершілігі мен қаржылық сауаттылығын арттыру деңгейінде ғана қол жеткізуге болады. Яғни, бұл мақсатқа сату құрылымы өзгерген кезде (орауыш материалдар санының едәуір азаюын, айналым контейнерлерін енгізуді, салмақ тауарларын сату құрылымының өзгеруін және т.б.) және өздігінен сатып алу минимумға дейін азайған кезде халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру және халық қалдықтарды азайтуға ұмтылған кезде қол жеткізуге болады. Бұған экология және жаратылыстану сабақтарында, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру сабақтарында оқушыларды оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, халық арасында қалдықтардың пайда болуын және саналы тұтынуды азайтудың экологиялық насихатын арттыру қажет.

2.Халықтан қайталама шикізат жинау үшін қабылдау пункттерінің санын көбейту қажет, қабылдау пункттері үшін жер учаскелерін ресімдеу үшін автокөлік базасында және қабылдау кестесінде мобильді нүктелерді қарастыруға болады.

3.Халықты қоқысты ұйымдасқан түрде шығару жөніндегі қызметтермен қамтамасыз ету үшін ҚР СТ 3780-2022 сәйкес контейнерлік алаңдарды жайластыру және үй иелерімен қоқысты шығару үшін шарт жасасу қажет.

4.Қазіргі уақытта Мойынқұм ауданының ЖАО иелігіндегі контейнерлер халықтың қалдықтарды ұйымдасқан түрде шығару жөніндегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Бөлек жинау жөніндегі заңнаманың талаптарына сәйкес контейнерлерге қызмет көрсету және таңбалау – осы контейнерге жиналатын қалдықтардың фракциясы, контейнер иесі және қоқыс шығаратын кәсіпорын туралы жазулар жазу қажет. Болашақта халықтың өсуі немесе пайда болған қалдықтардың көбеюі кезінде контейнерлерді қосымша сатып алу қажет.

5.Қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қоқыс шығаратын техниканы сатып алу қажет. Техниканың тиеу құрылғылары контейнерлердің конструкциясына сәйкес болуы тиіс. Қалдықтардың әр түрлі фракцияларын қайталама шикізатпен жұмыс істеу талаптарын қамтамасыз ететін әр түрлі автомобильдер шығаруы керек. Контейнерлік алаңдардан қалдықтарды шығару контейнерлер толған кезде, бірақ тамақ қалдықтары үшін тәулігіне кемінде 1 рет жүзеге асырылуы тиіс. Барлық қоқыс шығаратын техника GPS-трекерлерімен жабдықталуы керек.

6.Халықтан және қазандықтардан шыққан күл-қож қалдықтарымен проблеманы шешу үшін қож-блоктарын өндіру жөніндегі кәсіпорындармен шарттар жасасу қажет.

Халықтан күл қожын жинау үшін контейнерлік алаңдарда күл қожын жинауға арналған контейнерлер орнату немесе 3 жағынан қатты жабыны мен қоршауы бар және жергілікті тұрғындардың да, манипуляторлары бар тиеу техникасының да кіре алатын арнайы алаңдар ұйымдастыру қажет. Ауданның әрбір елді мекенінде, толтыру шамасына қарай немесе жылыту маусымының соңында әкету.

7.Мойынқұм ауданында бұзуға немесе реконструкциялауға арналған ғимараттар мен құрылыстар бар екенін ескере отырып, құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу шешімін көздеу қажет, ұсақтау-сұрыптау кешенін сатып алу немесе құрылыс қалдықтарын оларды пайдалануға мүдделі тиісті кәсіпорынға беру туралы шарт жасасу қажет.

8.Энергетикалық кәдеге жарату немесе қордалау әдісімен органикалық (көңді қоса алғанда) және тамақ қалдықтарын кәдеге жарату бойынша мәселені зерделеу және шешім қабылдау қажет. Бұл шешім әрбір елді мекен немесе ауылдық округ үшін қабылдануы тиіс.

9.Мойынқұм ауылында қоқыс сұрыптау кешені бар ҚТҚ полигонын жобалау және салу қажет.

10.Мойынқұм ауданының әрбір елді мекені үшін "Ташкент типі" бойынша қалдықтардың компоненттерін қабылдау үшін алаң салу қажет. Қалдықтардың құрамдас бөліктерін фракциялар бойынша қабылдау және оларды жинақталуына қарай кайталама шикізатты сақтау қоймалары бар сұрыптау кешендеріне шығару және оларды кейіннен пайдалану.

11.Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған, бірақ қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін қалдықтар полигондары (үйінділер) жойылуға, олар алып жатқан алаңдар қалпына келтірілуі тиіс.

2.3.Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, бағдарламаның мынадай нысаналы көрсеткіштерін белгілеу ұсынылады.

№ р/с	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең						
			Шығ. мәні	2025	2026	2027	2028	2029	Жалпы
1	Балалар мен жас өспірімдерге тұрмыстық деңгейде ресурстарды үнемдеудің маңыздылығы	Семестрде 1 оқу орнына арналған іс-шара	0	2	2	2	2		2

	туралы іс-шара лар әзірлеу және өткізу							2	
2	Халықта н қайта шикізат жинауды ң мобильді пунк ттерін ұйымдаст ыру	Дана.	0	1	1	2	2	3	3
3	ҚР СТ 3780- 2022 сәйкес Мойынкұ м ауылынд а қалдықта рды бөлек жинауға арналған контейн ерлермен контей нерлік аландард ы жайласты ру.	барының %	-	20	40	60	80	100	100
4	Аудан тұрғында рын ұйымдаст ырылған қалдықта рды шығарум ен қамту	барының %	20	30	40	50	60	70	70
5	Күл-қож қалдық тарын жинау және пайдалан у	%	-	10	30	45	60	75	75

6	Органика л ы қ қалдықта р мен көңді жинау және жою	%	-	10	15	20	25	30	30
7	Биокорда ла у немесе энергети калық кәдеге жарату арқылы Қ Т Қ полигонд ар ында органика л ы қ және тамақ қалдықта р ы н кәдеге жарату	органика лық және тамақ қалдықта рының жалпы көлемінің %	0	10	15	20	25	30	30
8	Мойынқұ м ауылынд а сұрыптау желісі және қордалау қондырғ ылары б а р полигон.	Дана.	0	0	1	1	1	1	1
9	Коммуна лдық қалдықта рдың және олардың құрамдас бөлік терінің стихиялы қ үйінділер	анықталғ андардан %	-	100	100	100	100		100

	ін табу және жою							100	
10	ҚТҚ полигондарын жою және қалпына келтіру	Дана.	0	0	0	0	2	4	4
11	Құрылыс қалдыктарын кәдеге жарату	пайда болудан %	-	20%	30%	35%	40%	45%	45%
12	Қалдыктарды ұйымдастырылған әкестумен қамтылмаған елді мекендердегі фракциялар бойынша қалдыктарды жинауға арналған аландарды ұйымдастыру	Дана.	-	3	5	10	15	20	20
13	Тұрғындардан қауіптілігі 1-класты қалдыктарды (батареялар, сынап шамдары) жинауды ұйымдастыру	%	-	10	15	20	25	30	30

3.Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары

Халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттері туралы ақпарат мемлекеттік органдардың ақпараттық стендтерінде және мемлекеттік қызмет көрсету

орталықтарында (ХҚКО), қоғамдық көлікте, қоғамдық ғимараттарда қолжетімді болуы тиіс.

Қосымша қалдықтардың пайда болуына жол бермеуді, сұрыптауды, сондай-ақ қоқысты таратуға жол бермеуді "ақылға қонымды тұтынуды" насихаттау міндетті түрде қосымша және мектептен тыс білім беру бағдарламасына енгізілуі тиіс. Осы тақырып бойынша іс-шаралар білім беру мекемелерінде тұрақты негізде ұйымдастырылуы тиіс.

Халықтан (фракциялар бойынша) қайталама шикізат жинау үшін Мойынқұм ауылында стационарлық қабылдау пунктін немесе ауданның елді мекендеріне баратын мобильді қабылдау пункттерін құруға болады. Мобильді қабылдау пункттерінің жұмыс режимі болуы және халықты алдын ала хабардар ете отырып, мерзімді түрде елді мекендерге шығуы мүмкін.

Мойынқұм ауданының басқа елді мекендерінен осы полигонға алдын ала сұрыпталған қалдықтарды қабылдау мүмкіндігімен Мойынқұм ауылында қажетті жабдықтармен (сұрыптау желісі, ірі габаритті және құрылыс қалдықтарына арналған ұсатқыш, қордалы/инсинератор қондырғысы) жарақтандырылған және экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына жауап беретін ҚТҚ полигонын салу қажет.

Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтарды ұйымдастырылған әкетумен қамтамасыз етілген елді мекендер үшін ҚР СТ 3780-2022 сәйкес контейнерлік алаңдарды жарақтандыру және коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау үшін таңбаланған контейнерлерді орнату қажет.

Сондай-ақ, Мойынқұм ауданында қауіпті қалдықтарға арналған контейнерлерге қызмет көрсетуге кемінде 3 шарт орнату және жасасу қажет.

Қажет болған жағдайда Мойынқұм ауданында үй иелерімен қалдықтарды ұйымдастырылған әкетуге шарттар жасасу.

Мойынқұм ауданы үшін пешпен жылытылатын (ауылға кемінде 3 адам, пешпен жылытылатын халық үшін қолжетімділік шегінде) және кейіннен қож-блоктарын өндіретін кәсіпорындармен күл қожын әкетуге шарт жасасатын халықтан күл қожының қалдықтарын қабылдау үшін алаңдар салу (контейнерлер орнату) қажет.

Мойынқұм ауданының ауылдық округтері үшін әрбір елді мекенде "ташкент" үлгісіндегі фракциялар бойынша коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған, қатты жабыны бар, тосқауыл және шатыр құрылғысы бар, техника үшін ыңғайлы кіреберісті жайластыра отырып және халық үшін қолжетімділігі бар алаңдарды орнату қажет. Қалдықтарды қабылдау алаңы қалдықтардың фракцияларын жинауға арналған таңбаланған контейнерлермен қамтамасыз етілуі тиіс: макулатура, металл, пластик, тоқыма. Сондай-ақ қауіптілігі 1-класты қалдықтарды жинауға арналған контейнермен (батареялар, құрамында сынап бар шамдар). Сондай-ақ ірі көлемді қалдықтарды қабылдау мүмкіндігі бар. Мұндай алаңдарда қалдықтар фракцияларын жинау кезінде

үйлестіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгілі бір фракцияны шығару қажеттілігі туралы хабарлайтын қоқыс шығаратын компанияның өкілі болуы керек.

Күл-қож және құрылыс қалдықтарын жинау үшін манипуляторлары бар ірі габаритті және тиеу техникасының кіруіне немесе контейнерлерді орнатуға мүмкіндігі бар қатты жабыны бар және 3 жағынан жабыны бар алаңдарды жайластыру қажет. Алаңның толтырылуына қарай әкетумен, бірақ жылына кемінде 1 рет (жылыту маусымы аяқталғаннан кейін).

Органикалық (көң) және тамақ қалдықтарын пайдалану және жинау үшін қорда қондырғысын орнату қажет.

Кейіннен аумақты жоюмен және қалпына кетірумен стихиялық рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау бойынша мониторинг жүргізу қажет.

Сондай-ақ қолданыстағы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейтін полигондарды жою және аумақты қалпына кетіру қажет.

4.Қажетті ресурстар

Бағдарламаны қаржыландыру көздері жергілікті бюджет, оның ішінде ҚР Экологиялық кодексінің 29-бабына сәйкес тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (Кодекстің 388-бабының 1-тармағының 10 тармақшасына) сәйкес кәдеге жарату төлемі түрінде оның банктік шотына өндірушілер мен импорттаушылардан түскен қаражаттан), Отандық, халықаралық қаржы экономикалық ұйымдарының немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің несиелері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін.

Әрбір іс-шара үшін қажетті ресурстар "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында" белгіленген.

5.Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Мойынқұм ауданы үшін коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2025-2029 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

№ р/с	Іс-шараның атауы	а- я- қ- т- а- у- н- ы- с- а-	О- р- ы- н- д- а- у- ж- а- у- а- п-	О- р- ы- н- д- а- у- м- е- р- з-	Болжамды шығыстар (мың теңге)/ қосымша көздер (мың теңге)					Қаржыландыру көздері	Іс-шарада күтілетін экологиялық әсер
					2	2	2	2	2		
					0	0	0	0	0		
					2	2	2	2	2		
					5	6	7	8	9		
					ж-	ж-	ж-	ж-	ж-		

		н- ы	т- ы- л- а- р	і- м- і	ы- л	ы- л	ы- л	ы- л	ы- л		
1	Мойын құм ауданы нда қайтала ма шикізат ты қабылд аудың ұтқыр пунктте рі н ұйымда стыру, аудан ауылда р ы бойын ш а шығу кестесі мен - 3 бірлік	пай- дала- нуға беру актісі	халықт а н қайта шикізат қабылд ауды жүзеге асырат ы н кәсіпор ындар	2025- 2029	жобаға сәйкес					Кәсіп- орын- дардың меншік ті қаража ты	"көзде" коммун алдық қалдық тар санын азайту
2	Баннер лер мен контей нерлік алаңдар ды қоса алғанда , ақпарат тық стендте рде, хабарла ндыру тақтала рында және ауданн ы ң басқа да ақпарат тық ресурст	ақ- парат- тық мате- риал- дар пакеті	әкімдік	2025	Бюджеттік өтінімге сәйкес					Жергілі кті бюджет	"көзден " қалдық тарды бөлек жинауд ы ұйымда стыру үшін дайынд ы қ

	арында матери алдард ы ң ақпарат ты қ пакетін орналас тыру					жұмыст ары
3	Балалар мен жасөспі рімдер үшін қалдық тарды бөлек жинау және " ақылға қонымд ы тұтыну " туралы іс-шара ларды әзірлеу және өткізу	есеп	аудан мектепт ері мен коллед ждері	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі кті бюджет балалар ға арналға н ақпарат ты қ жұмыс
4	Контей нерлік алаңдар мен күл қож және органик алық қалдық тарды жинау алаңдар ы астынд а жерге құқық белгіле йтін құжатт арды ресімде у	құ- жат- тар па- кеті	Мойын құм ауданы ның әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі кті бюджет Алаңды өздігіне н ауысты ру қаупі алынып тастал ады

5	Жнауға арналған контейнерлерді сатып алу және орнату.	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Қалдықтарды бөлек жинау, заңнама ны сақтау
6	Заңнам аға сай қойылатын техникалық талаптарға сәйкес "құрғақ" / " пайдымкы л " фракцияларын да жинауға арналған контейнерлерді сатып алу және орнату.	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	қалдықтарды жер жамылғысынан уақытша сақтау аумағын оқшаулау және ұшырудан қорғау
7	Ауданда күл-қо ж қалдықтарын қабылдауға арналған алаңдарды жайластыру. жинауға арналға	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2025-2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	табиғи полигондардың пайда болуын

	н контей нерлер д і сатып алу және орнату.						болдыр мау.
8	Мойын құм ауылын д а қауіпті қалдық тарды жинауғ а арналға н контей нерлер д і сатып алу және орнату.	ор- нату актісі	аудан әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	Қалдық тарды бөлек жинау
9	Қауіпті қалдық тарға арналға н контей нерлерг е қызмет көрсету г е лиценз иясы бар кәсіпор ындарм е н шартта р жасасу	шарт	аудан әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	қауіпті қалдық тарды басқа фракци яларме н араласт ыруды болдыр мау
	Мойын құм ауданы ның елді мекенд еріндегі						

10	фракци ялар бойын ш а қалдық тарды жинауғ а арналға н алаңдар д ы жайлас тыру	пай- дала- нуға қа- был- дау актісі	әкімдік, қоқыс шығара тын компан иялар	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	тұрғын дардан коммун алдық қалдық т а р фракци яларын жинау
11	Мойын қ ұ м ауданы ның әрбір ауылды қ округін д е тамақ және органик алық қалдық тарға арналға н кордала у кондыр ғылары н салу	пай- дала- нуға қа- был- дау актісі	ауылды қ округ әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	органик алық қалдық тарды кәдеге жарату, тыңайт қыштар өндіру
12	Мойын қ ұ м ауданы ның әрбір елді мекенін де күл қ о ж қалдық тарын жинауғ а арналға н алаңдар	пай- дала- нуға қа- был- дау актісі	ауылды қ округ әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	күл-қо ж қалдық тарыны ң полиго ндарын ы ң пайда болуын

	д ы ұйымда стыру						болдыр мау
13	Елді мекенд ерден фракци ялар бойын ш а қалдық тарды әкетуге қоқыс шығара тын ұйымда рмен шарт жасасу	шарт	ауылды қ округ әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	талап етілмей ді	қайта өңделге н шикізат т ы жинау және пайдала ну
14	Ауданн ың елді мекенд ерінен күл кож қалдық тарын әкетуге шартта р жасасу	шарт	ауылды қ округ әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	талап етілмей ді	к ү л қожын шығару және пайдала ну
15	стихиял ы қ полиго ндарды жою	акт	әкімдік, ДЭ	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	стихиял ы қ полиго ндарды жою
16	Мойын құм ауылын д а сұрыпт а у желісі мен қордала у кондыр ғысы бар ҚТҚ полиго нын салу	пай- дала- нуға қа- был- дау актісі	аудан әкімдігі	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілі к т і бюджет	заңнама ның талапта рына сәйкес қалдық тарды қабылд а у , сұрыпт а у , жете өндіру және сақтау

17	Коммунальные калдықтардың бөлек жиналған фракцияларын шығару үшін қоқыс шығаратын компаниялар үшін қосымша техника сатып алу	пайдалануға қабылдау актісі	әкімдік, қоқыс шығаратын ұйымдар	2025- 2029	жобаға сәйкес	Кәсіпорындардың меншікті қаражаты	қайта өңдеуге жарамды калдықтардың бөлек жиналған фракцияларын араластырмау
18	Құрылыс калдықтары үшін ұсақтау кондырғыларын сатып алу және сенімгерлік басқаруға беру	пайдалануға қабылдау актісі	әкімдік	2025- 2029	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	құрылыс калдықтарын қайта өңдеу
19	Экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін қолданыстағы ҚТҚ полигондарын жою және	тарату актісі	аудан әкімдігі	2025- 2029	жобаға сәйкес	Жергілікті бюджет	жерді қалпын

жерді қалпын а келтіру					а келтіру
---------------------------------	--	--	--	--	--------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК